



NAZARBAYEV
UNIVERSITY

**«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Медицина мектебінің
«Медицина докторы» бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары
мен рәсімдері**

Санаты: Қағидалар

Бекітілген күні: 25.02.2025

Күшіне енген күні: 25.02.2025

Қолжетімділік деңгейі: Ашық
қолжетімділік

Сыныптауыш бойынша нөмірі: 2.1 ADMS

Бекітуші орган: Провост

Тіркеу нөмірі: 25-н/қ

Иесі: Медицина мектебі

Қайта қарау күні: 25.02.2028

Қолданылуы: НУ және НУ үміткерлері

Күші жойылған құжаттар:

Атауы: «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Медицина
мектебінің «Медицина докторы» бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау
қағидалары мен рәсімдері

Күні: 17.06.2022

Тіркеу нөмірі: 79-н/қ

Бекітуші орган: Провост



1-бөлім. Мақсаты және қолданылуы

1.1. Осы «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Медицина мектебінің «Медицина докторы» бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері (бұдан әрі – Қағидалар мен рәсімдер) қабылдау процесі кезінде басқару және сақтау қағидалары мен рәсімдерін айқындайды.

1.2. Осы Қағидалар мен рәсімдер «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі – Университет) Медицина мектебіне және Бағдарламаға өтінім берген үміткерлерге қолданылады.

2-бөлім. Терминдер/Анықтамалар

2.1. Осы Қағидалар мен рәсімдерде пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен қысқартулар:

1) **Сыртқы сарапшы** – үміткерге шолулар мен бағалаулар жүргізуге қатысатын, сондай-ақ сапаны қамтамасыз ету үшін сыртқы оқырмандар немесе бағалаушылар ретінде бола алатын басқа Мектептің, Университет түлектерінің немесе тиісті келісім бойынша әріптес мекеменің немесе тиісті ресурстары (зияткерлік, ғылыми, әдістемелік, білім беру, технологиялық, техникалық, кадрлық) бар және халықаралық танылған университеттің немесе ғылыми-зерттеу институтының өкілі;

2) **Кепілдік жарна** – үміткерге Бағдарламаға қабылдау орнын қамтамасыз ететін міндетті төлем;

3) **Студенттерді оқуға қабылдау офисі** – дайындық бағдарламалары, бакалавриат, магистратура бағдарламалары, оның ішінде Бағдарлама және докторантура бағдарламалары бойынша студенттерді оқуға қабылдауды қамтамасыз етуге жауапты Университеттің құрылымдық бөлімшесі;

4) **Жеке кабинет** – Университет сайтында admissions.nu.edu.kz тіркелгеннен кейін үміткерге жеке кеңістік ұсынатын онлайн сервис;

5) **Ең төменгі қабылдау талаптары (ЕТҚТ)** – Бағдарламаға түсу конкурсына қатысуға қарау үшін үміткерлер сәйкес келуі тиіс критерийлер;

6) **Мектеп негізіндегі қабылдау комиссиясы (МНҚК)** – Бағдарламаға үміткерлерді іріктеу үшін Мектепте құрылған комиссия;

7) **Шартты түрде оқуға қабылдау** – қабылдау кезеңінде Бағдарламаның Қабылдау комиссиясының шешімімен және оқуға алу кезеңінде Провосттың шешімімен ресми көрсетілген мерзімде немесе мерзімдерде Бағдарламаға үміткерлерді қабылдау/оқуға алу түрі;

8) **Мектеп** – Университеттің Медицина мектебі;

9) **CGPA (Жиынтық орташа балл)** – Университетте өткен курстар үшін алынған, бағаланған кредиттердің жалпы санына жиналған балдардың жалпы жиынтық санын бөлу арқылы есептеледі;



10) **IELTS** (International English Language Testing System) – стандартталған ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтауға арналған тест;

11) **ETS (Educational Testing Service)** – тестілеу және бағалау жөніндегі жеке коммерциялық емес білім беру ұйымы; TOEFL-ді қоса алғанда, халықаралық тестілерге әкімшілік етеді;

12) **MCAT** (Medical College Admission Test) – емтихан тапсырушының проблемаларды шешуге және сыни ойлауға қабілеттілігін, сондай-ақ медицинаны зерделеу үшін қажетті ғылыми тұжырымдамалар мен қағидаттарды білуін бағалайтын, жауап нұсқалары бар стандартталған емтихан;

13) **TOEFL** (Test of English as a Foreign Language) – Білім беруді тестілеу қызметі (ETS) әзірлеген ағылшын тілін білу деңгейін анықтауға арналған стандартталған тест.

2.2. Осы Қағидалар мен рәсімдерде пайдаланылмайтын терминдер мен анықтамалар Университеттің ішкі құжаттарында анықталады.

2.3. Бағдарламаға барлық үміткерлерді қабылдау процесі кезінде Мектеп осы Қағидалар мен рәсімдерді ұстануға тиіс.

3-бөлім. Негізгі ережелер

3.1. Оқуға түсуге қойылатын ең төменгі талаптар

3.1.1. Бағдарламаға қабылдау осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.4.20 және 3.4.21-тармақтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, конкурстық негізде жүзеге асырылады.

3.1.2. Бағдарламаға қабылдаудың іріктеу процесіне қатысу құқығына ие болу үшін барлық үміткерлер осы Қағидалар мен рәсімдердің ережелеріне сәйкес келуі тиіс.

3.1.3. Бағдарламаға қатысуға өтінім берген үміткерлер, оның ішінде Бағдарламаға ауыспаған «Медицина ғылымдары саласындағы бакалавр» бағдарламасының түлектері және соңғы жыл студенттері, төмендегі талаптарды орындауы қажет деп күтілуде:

1) тиісті пән бойынша бакалавр дәрежесі (бакалавр дәрежесі немесе баламасы) және егер қажет болса, тиісті пән бойынша магистр немесе ғылым докторы дәрежесі.

Өтінім беру кезеңінде соңғы курс студенттері қарауға ағымдағы ресми транскрипттерді ұсына алады.

Оқуға түсуге ұсынылған үміткерлер Бағдарламаға қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін түпкілікті транскрипт пен дипломды ұсынуға тиіс;

2) жаратылыстану ғылымдары пәндерінің кемінде екі аяқталған курсы, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, зертханалық сабақтары бар биологияның бір жылы немесе баламасы және зертханалық сабақтары бар жалпы химияның бір жылы немесе баламасы;



3) ең төменгі CGPA 4,00-ден 2,50 немесе үміткер дәрежесінің баламасы (бакалавр, магистр немесе ғылым докторы (егер магистрлер мен ғылым докторлары CGPA жүйесін ұстанса);

4) осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.6-тармағында көрсетілген ағылшын тілін меңгерудің талап етілетін деңгейі;

5) MCAT-тың ең төменгі жалпы балы 489 (472-528 шкаласы бойынша);

6) уәждеме хатта жазылған Бағдарламаға үлкен қызығушылығы және жоғары деңгейдегі ынтасы;

7) үміткердің Мектеп қоғамдастығын өркендетуі туралы эссе.

3.1.4. Мектептің Мейірбикелік іс саласындағы ғылым бакалавры бағдарламасын бітірген барлық үміткерлер төмендегі талаптарды орындауы қажет деп күтілуде:

1) бакалавр дәрежесі.

Өтінім беру кезеңі ішінде соңғы оқу жылының студенттері қарау үшін ағымдағы ресми транскрипттерді ұсына алады;

2) жалпы химия курсының аяқталған бір жылы;

3) ең төменгі CGPA 4,00-ден 3,45 немесе үміткердің дәрежесіне баламаны құрайды (CGPA 3.45-тен төмен үміткерлер Бағдарламаға осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.3-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес өтінім бере алады);

4) уәждеме хатта жазылған Бағдарламаға үлкен қызығушылығы және жоғары деңгейдегі ынтасы;

5) үміткердің Мектеп қоғамдастығын өркендетуі туралы эссе;

6) Мейірбикелік іс саласындағы ғылым бакалавры бағдарламасының директорынан бір ұсыным хат және Мектеп оқытушысынан бір ұсыным хат.

3.1.5. Академиялық және эмпириялық тәжірибенің өзектілігі, сондай-ақ бұрынғы дәрежелердің баламалылығы мен сәйкестігін МНҚК анықтайды.

3.1.6. Бағдарламаға түсу үшін ағылшын тілін білуге арналған тестілеу туралы есептерге қойылатын абсолюттік ең төменгі талап мыналар болып табылады: IELTS тестінің жалпы балы 6,5 немесе одан жоғары (әрбір бөлімде кемінде 6,0) немесе ETS веб-сайтында орналастырылған TOEFL-дің баламалы балы. Тест сертификаттары, егер олардың нәтижелерінің жарамдылық мерзімі үміткерлер өтінім берген күнге дейін аяқталмаса, жарамды деп саналады.

Оқуға қабылдау және іріктеу процесінде қабылданатын IELTS-тің жалғыз нұсқасы – ағылшын тілінде оқуды жоспарлап отырған үміткерлерге арналған Academic IELTS. IELTS-тің онлайн-тесті қабылдау және іріктеу процесінің шеңберінде қабылданбайды. Оқуға қабылдау және іріктеу процесінде қабылданған TOEFL-дің жалғыз нұсқасы – TOEFL iBT тесті. TOEFL iBT Home Edition қабылдау және іріктеу процесінің бөлігі ретінде қабылданбайды.

Бағдарлама үміткерлері егер:

1) олардың алғашқы академиялық дәрежелерінің бірі ағылшын тілі ресми қарым-қатынас, академиялық оқыту және күнделікті өмірде қолданылатын тіл болып табылатын елде алынса;



2) университеттің ресми растауымен барлық пәндердің кемінде 70%-ы ағылшын тілінде оқытылған жағдайда, ағылшын тілінде ресми оқытылатын бакалавриат немесе жоғары оқу орнынан кейінгі деңгейіндегі бағдарламаны аяқтаса;

3) оқыту тілі ағылшын тілі болмаған бағдарламаларды қоспағанда, Университеттің түлектері болған жағдайда, көрсетілген талаптан босатылуы мүмкін.

3.2. Өтінім беру процесі

3.2.1. Өтінімдерді қабылдау кезеңі, раундтар саны және бағдарламаларға қабылдауға байланысты барлық мерзімдер Мектеп Деканы қызметтік жазба арқылы Студенттерді оқуға қабылдау офисімен консультациядан кейін белгілейді.

3.2.2. Бағдарламаға қабылдау үміткерлерді академиялық жетістіктері мен басқа да белгіленген бағалау критерийлері негізінде іріктеуді, оқуға түсу кезінде барлығына тең мүмкіндіктер беруді және сыртқы факторлардың ықпалынсыз неғұрлым перспективалы және талантты студенттерді іріктеуге жәрдемдесуді көздейтін меритократия қағидатына негізделеді. Бағдарламаға оқуға түсетін әр үміткерді жеке, әділ, жан-жақты және дәйекті түрде бағалау қажет.

3.2.3. Бағдарламаға түсу конкурсына қатысу үшін үміткерлер құжаттарды тапсыру үшін Университеттің порталында (admissions.nu.edu.kz) өтінім береді және көрсетілген мерзім өткенге дейін Жеке кабинетте:

1) жеке деректерді өңдеуге келісімді қабылдайды және өтінім нысанын толтырады және жүктейді;

2) осы Қағидалар мен рәсімдерге қосымшаға сәйкес қажетті құжаттардың сканерленген (немесе электрондық) көшірмелерін жүктейді;

3) Университеттің Басқарушы кеңесі босатпаса, жеке кабинет арқылы қайтарылмайтын тіркеу жарнасын төлейді. Жеке кабинет арқылы төлем жасау мүмкін еместігі дәлелденсе, үміткер баламалы төлем әдістерін талқылау үшін Студенттерді оқуға қабылдау офисін хабардар етуі керек. Тіркеу жарнасының мөлшері Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген.

3.2.4. Университеттің ішкі құжаттарында көрсетілген спорттық жетістіктері үшін грант алуға құқығы бар үміткерлер Студенттерді оқуға қабылдау офисінде белгіленген мерзімде сұралған форматқа сәйкес қосымша растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс. Бұл құжаттарды ұсыну бағдарламаға және осы гранттар шеңберінде оқуға түсуге кепілдік бермейді.

3.2.5. IELTS немесе TOEFL тестілеу сертификаты Университетке Тест әкімшісінің электронды нұсқасы арқылы тестілеу сертификаттарының сканерленген немесе электронды көшірмелерін ұсыну міндеттемесімен берілуі керек (егер босату қарастырылмаған болса). Тест әкімшісі арқылы ұсыну



мүмкін болмаған жағдайда Студенттерді оқуға қабылдау офисінің танылған сервистерін пайдалана отырып, цифрлық деректерді тексеру пайдаланылуы мүмкін.

3.2.6. Үміткерлер бір оқу жылы ішінде Университет ұсынатын ең көп дегенде екі жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламаға өтініш бере алады. Екі бағдарламаға да түскен жағдайда үміткерлер тек бір бағдарламаны таңдауы тиіс.

3.2.7. МНҚК немесе Студенттерді оқуға қабылдау офисі қажет болған жағдайда қосымша құжаттарды/ақпаратты сұрауы мүмкін.

3.2.8. Барлық ұсынылған құжаттар ағылшын тілінде немесе егер осы Қағидалар мен рәсімдерге қосымшада өзгеше көрсетілмесе, нотариалдық куәландырылған ағылшын тіліндегі аудармасымен болуы тиіс.

3.2.9. Жеке кабинетте жалған және/немесе толық емес ақпарат беру қабылдау кезінде іріктеу процесінен шығаруға немесе Университеттен оқудан шығаруға әкеп соғады.

Құжаттарды бұрмалаған немесе сұхбаттан өту рәсімінің талаптарын бұзған үміткерлер іріктеу процесінен шығарылады немесе оқуға түскен жағдайда оқудан шығарылуы тиіс, сондай-ақ болашақта қаржыландырудың кез келген түрі шеңберінде Бағдарламаға конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

3.2.10. Құжаттардың толық пакетін ұсыну және ЕТҚТ-ға сәйкес келу Бағдарламаға түсуге кепілдік бермейді.

3.3. Мектеп негізіндегі қабылдау комиссиясы

3.3.1. МНҚК оқытушы-профессорлар құрамынан құралады және оған сыртқы сарапшылар тартылуы мүмкін.

3.3.2. МНҚК-нің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің жалпы саны 5 (бес) адамнан кем болмауы тиіс.

3.3.3. МНҚК мүшелері, оның ішінде төрағасы, және хатшыны тағайындау Провосттың шешімімен бекітіледі.

МНҚК және хатшының қызметін МНҚК төрағасы басқарады.

3.3.4. МНҚК-да төрағаның орынбасары болуы мүмкін. Төраға болмаған жағдайда, оның өкілеттіктерін төрағаның орынбасары жүзеге асырады.

3.3.5. Дауыс беру құқығы бар мүшелерден басқа МНҚК-нің құрамына дауыс беру құқығы жоқ мүшелер кіруі мүмкін.

3.3.6. Іріктеу әдістемесі/критерийлері іріктеу процесінде әділ қолданылуы керек және тиісті оқу жылы ішіндегі МНҚК бірінші отырысының хаттамасына қоса тіркелуі керек.

3.3.7. МНҚК үміткерлердің өтінімдерін қарауға, оларды бағалауға және қабылдау туралы шешімдерге қатысты ұсыныстар беруге құқылы.

МНҚК Университеттің мүдделер қақтығысы және құпиялылық туралы ішкі құжаттармен танысуы және рәсімдері сол құжаттарға сәйкес келуі керек.



3.3.8. МНҚК мүшелері қабылдау рәсімдерінің осы Қағидалар мен рәсімдерге, сондай-ақ ЕТҚТ-ға сәйкестігін қамтамасыз етуге жауапты.

3.3.9. Конкурсқа қажетті құжаттарды бағалайтын және сұхбат өткізетін МНҚК мүшелерінің саны әдістемеде көрсетіледі.

3.3.10. Сұхбаттар жеке немесе бейнеконференция арқылы өткізіледі. Қажет болған жағдайда МНҚК Мектеп өкілдерінен, Университет түлектерінен, сыртқы сарапшылардан немесе стратегиялық серіктес өкілінен тұратын сұхбат алушыларды тағайындай алады.

Үміткермен сұхбаттасу үшін тағайындалған сұхбат алушылардың саны әрбір үміткерге кемінде 2 (екі) адам болуы тиіс.

3.3.11. МНҚК хатшысы МНҚК мүшесі болып табылмайды. МНҚК хатшысы болмаған жағдайда МНҚК төрағасы МНҚК отырысының хаттамасында осындай ауыстыруды көрсете отырып, уақытша алмастыратын хатшыны тағайындайды.

3.3.12. МНҚК хатшысы мыналар үшін жауапты:

- 1) МНҚК отырыс хаттамаларында қамтылған ақпараттың дұрыстығы;
- 2) МНҚК қызметін үйлестіру және МНҚК отырыстарын ұйымдастыру;
- 3) іріктеліп алынған үміткерлерді сұхбатқа шақыру;
- 4) МНҚК отырыстарының хаттамаларын ресімдеу;
- 5) МНҚК отырыстары хаттамаларының тілдік нұсқаларының сәйкестігін қамтамасыз ету;
- 6) үміткерлердің құжаттар пакетін жүргізу;
- 7) сұхбаттың бағалау нәтижелерін сақтау;
- 8) оқуға түсу мәселелері бойынша Студенттерді оқуға қабылдау офисімен тығыз ынтымақтасу және өзара іс-қимыл жасау;
- 9) қол жинау және МНҚК отырыстарының хаттамаларын тіркеу;
- 10) Университеттің архивіне өткізілгенге дейін хаттамаларды сақтау;
- 11) МНҚК және оның төрағасының нұсқауларына сәйкес басқа да іс-шараларды жүзеге асыру.

3.3.13. МНҚК отырыстары қабылдау кезеңінде қажеттілігіне қарай дауыс беру құқығы бар МНҚК мүшелерінің қарапайым көпшілігімен айқындалатын кворум болған кезде өткізіледі.

3.3.14. МНҚК конференц-байланыс, бейнеконференция немесе басқа да интерактивті тәсілдер арқылы (қажет болған жағдайда) отырыста дауыс бере алады және шешімдер қабылдай алады. Мұндай қатысу кворумды айқындау кезінде танылады. МНҚК дауыс беретін мүшесінің интерактивті қатысу тәсілдері отырыс хаттамасында көрсетіледі.

3.3.15. МНҚК шешімдері МНҚК дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады және кворумды айқындау кезінде ескеріледі. Дауыстар тең болған жағдайда төраға шешуші дауысқа ие болады.



3.3.16. МНҚК шешімдері түпкілікті болып табылады және Университетте отырыс хаттамасын жасауға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес МНҚК хатшысымен отырыс хаттамасында ресімделеді. МНҚК шешімдері шағымдануға жатпайды.

3.3.17. Отырыс хаттамалары барлық үміткерлерге қатысты қабылданған шешімдер процесін көрсетуі тиіс.

3.3.18. МНҚК отырыстарының жұмыс тілі – ағылшын тілі. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі хаттамаға МНҚК төрағасы және хатшысы қол қояды.

3.3.19. МНҚК отырыстарының хаттамалары құпия болып табылады және қызметтік міндеттерін орындау шеңберінде Университет қызметкерлерін қоспағанда, үшінші тұлғаларға жария етуге жатпайды.

3.3.20. МНҚК отырыстарының барлық хаттамаларын МНҚК хатшысы тігеді, нөмірлейді, сканерлейді, түптейді, тіркейді және Университеттің архивіне тапсырады. Қол қойылған хаттамалардың сканерленген көшірмелерін хатшы қабылдау жылының академиялық күнтізбесіне сәйкес оқу жылы басталғанға дейін Студенттерді оқуға қабылдау офисіне ұсынады.

3.3.21. Егер үміткерлер толық ақылы оқу негізінде оқуға қабылданатын болса, сондай-ақ олар ЕТҚТ-ға сәйкес болып, МНҚК-мен сұхбаттан (егер қолданылса) сәтті өтсе, МНҚК оларды рейтингке қоспайды.

3.4. Оқуға қабылдау талаптары мен тәртібі

3.4.1. Үміткерлерді қарауға қабылдау процесі мынадай кезеңдерден тұрады:

1) Бірінші кезең – Студенттерді оқуға қабылдау офисі барлық үміткерлердің жеке кабинеттерінде конкурсқа қатысуға арналған құжаттар пакетін қарайды және Бағдарлама бойынша ЕТҚТ-ға сәйкестігін тексереді. Студенттерді оқуға қабылдау офисі үміткерлердің іріктеу процесінің келесі кезеңіне өтуі үшін ЕТҚТ-ға сәйкестігіне қатысты үміткерлердің мәртебесі туралы ақпаратты (кестені) МНҚК-ға ұсынады.

2) Екінші кезең – МНҚК мүшелері ЕТҚТ-ға сай келетін құжаттар пакеттерін МНҚК әзірлеген әдістемеге (іріктеу критерийлері) сәйкес бағалайды. Барлық қысқа тізімге енген үміткерлер МНҚК мүшелерімен жеке немесе бейнеконференция арқылы сұхбаттан өтеді

3) Үшінші кезең – МНҚК үміткерлердің (толық ақылы оқу негізінде оқуға қабылданатын үміткерлерді қоспағанда) рейтингін жасайды және үміткерлерді шартты немесе шартсыз негізде оқуға қабылдауға ұсынады. Грант/демеушілік орындары болмаған жағдайда үміткерлер ақылы негізде оқуға түсуге ұсынылады. Бұл үшінші кезең, осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.3.21-тармағында көрсетілгендей толық ақылы оқу негізінде қабылдауға ұсынылған үміткерлерге қолданылмайды. Мұндай үміткерлер рейтингке енгізілмей-ақ



қабылдауға ұсынылып, бөлінген қаржыландыру көздері мен бос орындар үшін бекітілген квота негізінде оқуға қабылдануы мүмкін.

МНҚК өз қалауы бойынша қабылдау процесіне қосымша талаптарды қоса алады.

3.4.2. Құжаттар пакеті толық емес үміткерлер МНҚК шешімі бойынша ғана екінші және үшінші кезеңдерге ауыстырылуы мүмкін, басқа жағдайларда оларды МНҚК қабылдамауы тиіс. Мұндай шешімдердің себептері отырыс хаттамасында көрсетілуі тиіс. Оқуға қабылдауға өтпеген өтінімдер қабылданбайды.

3.4.3. Қабылдауға ұсынылған, күту тізімінде тұрған немесе қабылданбаған үміткерлерге Студенттерді оқуға қабылдау офісі ғана хабарлауға тиіс.

3.4.4. Оқуға қабылдауға ұсынылған және оқуға шақыру хатын алған үміткерлер (қаржыландыру түріне қарамастан) шақыру хатында көрсетілген күндерге сәйкес шақыруды қабылдау немесе қабылдамау туралы Оқуға қабылдауға келісім нысанын толтыру арқылы Университетті ресми түрде хабардар етуге тиіс. Оқуға шақыру хатын қабылдаған жағдайда үміткерлер Жеке кабинет арқылы Кепілдік жарнасын төлеу туралы келісім нысанын толтыруы және Кепілдік жарнасын төлеуі қажет. Сонымен қатар, үміткерлер ЕТҚТ-да көрсетілген құжаттардың электрондық/сканерленген көшірмелерін ұсынуы тиіс. Өйтпеген жағдайда үміткерлер бағдарламаға оқуға қабылданбайды.

3.4.5. Міндетті кепілдік жарнасын қайтару шарттары Университеттің ішкі құжаттарында айқындалады.

3.4.6. Оқуға қабылдауға ұсынылған үміткерлер мынадай нұсқалардың бірі негізінде жоғары білім туралы дипломның қорытынды транскриптін (дипломға қосымша) растауы тиіс:

1) алдыңғы оқу орны Студенттерді оқуға қабылдау офісіне тікелей пошта арқылы жіберген ресми қағаз көшірмесі;

2) алдыңғы оқу орнының корпоративтік электрондық поштасынан Студенттерді оқуға қабылдау офісінің электрондық пошта мекенжайына тікелей жіберген ресми электрондық көшірмесі;

3) Студенттерді оқуға қабылдау офісіне жеке түрде тапсырылған немесе құжаттарды верификациялаудың ресми цифрлық сервистері арқылы расталған ресми қорытынды транскрипт;

4) үміткер Студенттерді оқуға қабылдау офісіне ресми қорытынды транскрипттің қағаз көшірмесін тапсырады. Түпнұсқаның қағаз көшірмесі Студенттерді оқуға қабылдау офісі тексергеннен кейін үміткерге қайтарылады.

Университет түлектерінің дипломдары мен транскрипттері Университеттің жүйесі арқылы тексерілуі тиіс.



3.4.7. Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.4.6-тармағында көрсетілген талаптарды орындау мүмкін болмаған жағдайда мынадай нұсқалар қаралуы мүмкін:

1) Қазақстан Республикасының әділет органдары берген дипломды нострификациялау туралы куәліктің сканерленген көшірмесін ұсыну;

2) шетелдік оқу орнының апостиль қойылған құжатының сканерленген көшірмесін ұсыну.

3) нотариалдық куәландырылған диплом мен транскриптің сканерленген көшірмесін ұсыну.

3.4.8. Оқуға шақыру хатынан бас тартқан немесе оның талаптарын орындамаған үміткерлер өтінім берудің академиялық жылына арналған тиісті бағдарламаға қабылданбайды.

3.4.9. МНҚК Бағдарлама бойынша ЕТҚТ-ға толық сәйкес келетін және осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.4.1-тармағына сәйкес конкурс кезеңдерінен өткен, бірақ бос орындар санының шектелуіне байланысты Бағдарламаға жіберілмеген үміткерлерді күту тізіміне енгізеді. Күту тізіміндегі үміткерлердің рейтингі қорытынды рейтинг тәртібіне сәйкес болуы керек. Егер Бағдарламадағы орын қабылдау жылының академиялық күнтізбесіне сәйкес сабақтың бірінші күніне дейін босатылса, Студенттерді оқуға қабылдау офисі оны күту тізіміндегі, рейтинг тәртібіндегі үміткерлерге оқуға қабылдау туралы хабарлама арқылы ұсынады.

3.4.10. Бағдарламаға қабылдау бөлінген қаржыландыру көздеріне бекітілген квоталар, МНҚК ұсынысы және үміткерлердің бағдарлау апталығына қатысқандығын куәландыратын Мектептің қызметтік жазбасының негізінде Университет Провостының шешімімен ресімделеді.

3.4.11. Оқуға қабылдау туралы шешімде әрбір қабылданған үміткердің оқуын қаржыландыру көзі көрсетілуі тиіс.

3.4.12. Бұрын Қазақстан Республикасының мемлекеттік қоры және/немесе «Болашақ» халықаралық стипендиясы есебінен магистр дәрежесін алған үміткерлер мемлекеттік білім беру тапсырысы немесе гранттардың басқа түрлері шеңберінде Бағдарламаға қабылдана алмайды. Егер бұл оқуға қабылдаудың кез келген кезеңінде анықталса, Студенттерді оқуға қабылдау офисі оқуға шақыру хатын қайтарып алу құқығын өзіне қалдырады. Мұндай үміткер оқуға қабылданған жағдайда студент Бағдарламадан шығарылады.

3.4.13. Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.4.9-тармағына сәйкес күту тізіміне енгізілген үміткерлер оқуға ақылы негізде қабылдауға қаралуы мүмкін.

3.4.14. Қабылданған студенттердің саны белгілі бір академиялық жылға бекітілген квоталардың негізінде Бағдарламаға бөлінген орындар санынан аспауы керек.

3.4.15. Шартты түрде оқуға қабылдау мынадай жағдайларда қолданылуы мүмкін:



1) МСАТ тестінің нәтижелері өтініш беру сәтінде қол жетімді болмаған жағдайда, бірақ берілген қабылдау кезеңі үшін белгіленген МСАТ нәтижелерін берудің соңғы мерзіміне дейін ұсынылады. Мұндай жағдайда, үміткерлер МСАТ қоспағанда, олардың тапсырған құжаттары негізінде қарастырылады.

2) Қабылдауға ұсынылған үміткер білім беру бағдарламасын аяқтағаны және көрсетілген күнге қорытынды транскрипттің және/немесе дипломның ресми берілуін күтетінін бітіруші жоғары оқу орнынан растау (ресми хат немесе хабарлама) негізінде шартты түрде оқуға қабылдануы мүмкін. Бұл жағдайда оқуға қабылдау туралы шешімде үміткер Университетке қажетті құжаттарды ұсынуы тиіс мерзім белгіленуі тиіс.

3) Соңғы жазғы оқу семестріндегі Университет студенттері үміткердің оқуды бітіру талаптарына сәйкес келетінін және келесі дәреже беру циклінде диплом алатынын растайтын Университет Мектебінің қызметтік жазбасының негізінде дипломсыз және/немесе ресми қорытынды транскриптсіз Бағдарламаға шартты түрде оқуға қабылдау үшін қаралуы мүмкін. Аталған үміткерлер қабылдау жылы ішіндегі Бағдарламаның академиялық күнтізбесіне сәйкес бірінші күзгі семестрдің соңына дейін қорытынды транскрипт пен дипломды тапсыру шартымен қабылдануы мүмкін.

3.4.16. Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.4.15-тармағында көрсетілген шартты түрде оқуға қабылдау жағдайында бұл туралы отырыс хаттамасында көрсетілуі тиіс. Отырыстың хаттамаларында мыналар жазылуы тиіс:

1) шартты түрде оқуға қабылдауды ұсыну себептері;

2) шартты түрде оқуға қабылдау талаптарын орындау мерзімі қабылдау күнінен бастап бір жылдан аспауы тиіс.

3.4.17. Үміткер қажетті құжаттарды белгіленген мерзімге дейін Студенттерді оқуға қабылдау офисіне электрондық пошта арқылы жіберіп, барлық шарттарды орындауы тиіс. Бұл құжаттар жеке кабинетке жүктелуі тиіс. Барлық кезеңдер орындалғаннан кейін үміткер/студент шартсыз түрде оқуға қабылданған болып есептеледі.

3.4.18. Шартты түрде оқуға қабылдау талаптары орындалмаған жағдайда студент Бағдарламадан шығарылады (оқуға қабылданған жағдайда).

3.4.19. Мектеп пен Студенттерді оқуға қабылдау офисі қабылдау талаптарының орындалғаны немесе орындалмағаны туралы бір-біріне хабарлауы керек.

3.4.20. Оқуға қабылдауды кейінге қалдыруды МНҚК Мектеп деканының мақұлдауымен Провосттың оқуға қабылдау туралы шешімі шыққанға дейін 1 (бір) академиялық жылға беруі мүмкін. Шартты түрде оқуға қабылданған үміткерлерге кейінге қалдырылған оқуға қабылдауды ұсынуға болмайды.

3.4.21. Қабылдануы кейінге қалдырылған үміткер өткен жылғы өтінім негізінде келесі жылы Бағдарламаға қабылдау үшін қаралатын болады, бірақ үміткердің қаржыландыру көзі (бар болған жағдайда) сақталмайды.



3.4.22. Университеттік стипендияларды, гранттарды беру және ақылы негізде оқуға қабылдау Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3.4.23. Үміткерлердің Бағдарламаға түсуге қатысты ұсынған барлық құжаттары мен өзге де материалдары Университетке қолжетімді және Университетте құпиялыққа қатысты Университеттің ішкі құжаттарымен реттеледі.

3.4.24. Үміткерлерді іріктеу процесіне қатысты кез келген ақпарат құпия болып табылады.

3.4.25. Осы Қағидалар мен рәсімдерде реттелмеген мәселелерді МНҚК Студенттерді оқуға қабылдау офисімен бірлесіп дербес шешуі мүмкін және бұл мәселелердің шешімі тиісті отырыс хаттамасына енгізілуі тиіс.

4-бөлім. Босату

4.1. Бекітуші орган ғана осы Қағидалар мен рәсімдердің қандай да бір ережесінен босатуға құқылы. Бұл Университеттің Академиялық кеңесі мен Басқарушы кеңесі бекіткеннен кейін және мұндай босату академиялық күнтізбенің мерзімін бұзбаған жағдайда ғана мүмкін болады. Босату «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының ішкі құжаттарында айқындалған белгілі бір мерзімге және ерекше жағдайларда ғана беріледі.

5-бөлім. Уақытша ережелер

5.1. Қолданылмайды.

6-бөлім. Қайта қарау

6.1. Осы Қағидалар мен рәсімдер бекітілгеннен кейін бір жыл ішінде тексерілуі және қажет болған жағдайда қайта қаралуы тиіс.

7-бөлім. Өзара байланысты құжаттар

7.1. «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 19 қаңтардағы № 394-IV Заңы.

7.2. Жоғары қамқоршылық кеңестің 2013 жылғы 18 сәуірдегі №2 шешімімен бекітілген «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының жарғысы.

7.3. Атқарушы Вице-президенттің 2022 жылғы 29 қыркүйектегі №83-н/қ шешімімен бекітілген «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымында негізгі қызмет және білім алушылардың жеке құрамы бойынша жекелеген ішкі өкімдік құжаттарды дайындау қағидалары.

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Медицина мектебінің «Медицина докторы» бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері



7.4. Атқарушы Вице-президенттің 2022 жылғы 29 қыркүйектегі №83-н/қ шешімімен бекітілген «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымында негізгі қызмет және білім алушылардың жеке құрамы бойынша жекелеген ішкі өкімдік құжаттарды дайындау рәсімі.

7.5. Басқарушы кеңестің 2021 жылғы 13 шілдедегі №13.07.21 хаттамасымен бекітілген «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымында құпия мәліметтерді қамтитын құжаттар мен ақпаратты басқару регламенті.

7.6. Басқарушы кеңестің 2023 жылғы 25 мамырдағы №25.05.23 хаттамасымен бекітілген «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымында білім беру гранттарын беру, одан айыру немесе қайта бөлу қағидалары.

7.7. Академиялық кеңестің 2024 жылғы 23 қазандағы №8 хаттамасымен бекітілген «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы білім алушыларының білім беру жазбаларын сақтау, жою және архивтеу қағидалары мен рәсімдері.



«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Медицина мектебінің «Медицина докторы» бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдеріне қосымша

**«Медицина докторы» бағдарламасына
тапсырылуға қажетті құжаттардың тізімі**

1. Толтырылған өтінім беру нысаны;
2. Ұлттық жеке куәліктің немесе паспорттың сканерленген көшірмесі;
3. Атының өзгергенін растайтын ресми құжаттың сканерленген көшірмесі (егер қолданылса). Егер құжат қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде болмаған жағдайда, ағылшын тіліндегі нотариалды аудармасының сканерленген көшірмесі жүктелу қажет;
4. Ресми дәреже дипломдардың/сертификаттардың сканерленген көшірмесі;
5. Тестілеу әкімшісі жүйесінен жүктелген IELTS немесе TOEFL тестінің жарамды сертификатының нәтижелері туралы расталған есеп және оның сканерленген көшірмесі. Жеке кабинетке жүктелген IELTS/TOEFL соңғы сертификаты қабылдау конкурсында ескеріледі;
6. Бағдарламаға құжаттарды онлайн тапсыру сәтінде жарамды MCAT нәтижесі. Нәтижені жарамды деп есептеу үшін MCAT-тың ұсынылған нәтижелері өтінім бергенге дейін үш жылдан аспайтын уақыт ішінде өткізілген тестке сәйкес келуі тиіс;
7. Екі-төрт ұсыным хат (ұсыным берген адам ұсыным хатты Университеттің электронды жүйесі арқылы немесе сканерленген көшірмесін ұсынады);
8. Уәждеме хаттың сканерленген көшірмесі;
9. Эссенің сканерленген көшірмесі;
10. 075у медициналық анықтаманың сканерленген көшірмесі (қазақстандық үміткерлер үшін) немесе жалпы денсаулық жағдайы көрсетілген ұқсас медициналық анықтама немесе Университеттің сұрауы бойынша басқа құжат (шетелдік үміткерлер үшін). Егер құжат қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде болмаған жағдайда, ағылшын тіліндегі нотариалды аудармасының сканерленген көшірмесі жүктелу қажет;
11. Сотталуының болғанын немесе болмағанын растайтын құжаттың сканерленген көшірмесі. Егер құжат қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде болмаған жағдайда, ағылшын тіліндегі нотариалды аудармасының сканерленген көшірмесі жүктелу қажет.